

1

Ихрам

Рәсімдерге кіру ниеті

Ұшақпен келушілер
миқатқа аспандағы
ең жақын жерден
ихрамға кіреді

Шам мен Мысыр
тұрғындарының миқаты
Әл-Жухфа 186 км.

Медина тұрғындарының
миқаты Зул-Хуләйфа
420 км.

Ирак тұрғындарының
миқаты Зәту-Ғирқ 98 км.

Нәжд тұрғындарының миқаты
Қарн әл-Маназил 99 км.

Йемен тұрғындарының
миқаты Яләмләм 99 км.

Қара Тастан
Қара тасқа
дейін 7
айналым

Тауаф

2

Аяғы Басы

Жеті айналым

Егі жасыл белгіге қарай
жүру әрі осы екі белгінің
арасын ер адамдар жүгіріп
өтеді

Әс-Сафа

әл-Маруа

Сафа мен Маруа
араларында жүгіру
(сағы)

4

Екі ракағат намаз оқу (егер
мүмкіндік болса) Мақам
Ибраһимнің артында орындау

3

Ихрамдағы
адамға тыйым
салынған істер:

- 1 Шашты немесе денеден әлдебір түкті алу
- 2 Тырнақты қысқарту
- 3 Хош иістер қолдану
- 4 Өзіңе не өзгеге неке жасау
- 5 Әйелмен жақындасу
- 6 Аң аулау не өлтіру

Ерлерге ғана тыйым салынған нәрселер:

- 1 Дененің мүшелеріне сәйкес пішіліп тігілген киім кию
- 2 Тақия немесе орамал сияқты бас киімдер арқылы басты жабу

Әйелдерге ғана тыйым салынған нәрселер:

- 1 Жүзін ниқаб немесе бурқа сияқты нәрселермен жабу, бірақ бетен ерлерден жүзін орамалының немесе химарының шетімен жасыруына болады
- 2 Қолғап кию

Шашты қыру
немесе қысқарту

5

Ерлер шашты қырады не
қысқартады. Әйелдер тек
бір бармақ ұзындығында
қысқартады.

Умраның мустахаб
амалдары:

- 1 Ихрамға кіру ниетін жариялаудан бұрын қысқарту керек болған шашты және тырнақтарды қысқарту
- 2 Ихрамға кіру үшін ғұсыл алу
- 3 Ерлерге ихрамға кіруден бұрын хош иіс қолдану
- 4 Ер адамға ақ түсті изар мен рида кию
- 5 Ихрамға кіргеннен бастап тауафқа дейін тәлбия айту: Ләббәйка-Ллаһумма ләббәйк. Ләббәйка лә шәрика ләкә ләбәйк. Иннә-л-хамда уә-н-ниғмата ләка уәл-мулк. Лә шәрика ләк.
- 6 Ер адамдардың тауаф жасағанда оң иығын ашып жүруі
- 7 Қара Тасты сүю
- 8 Тауафтың алғашқы үш айналымын жеңіл жүгірумен жасап өту
- 9 Мақам Ибраһимнің артында екі ракағат намаз оқу